

Грузияның премьер-министрі З.Ногаиделидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 қарашадағы N 326-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Грузия премьер-министрі Зураб Ногаиделидің 2005 жылғы 18-19 қарашада Астана қаласына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Грузия премьер-министрі Зураб Ногаиделидің 2005 жылғы 18-19 қарашада Астана қаласына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Грузия делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Грузия делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Грузия премьер-министрі Зураб Ногаиделидің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Грузия делегациясын болатын орындарында қарсы алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана қаласының әуежайын безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Грузия премьер-министрі Зураб Ногаиделиді қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Ахметовтің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 7 қ а р а ш а д а ғ ы
N 3 2 6 - ө ө к і м і н е
қосымша

Грузия делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Грузия делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "RIXOS Президент" қонақ үйіне 1+8 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Астана қаласындағы "RIXOS Президент" қонақ үйіне орналастыру.

3. Екі жақты келіссөздерді жүргізу үшін залды жалға алу.

4. Баспа өнімдерін (бейджер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

5. Грузия делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

6. Грузия делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Ахметовтің атынан Грузия премьер-министрі Зураб Ногаиделидің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

8. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК